

«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамының  
Басқармасы отырысының  
2022 жылғы «16» маусымдағы № 22 хаттамасына  
№ 21 қосымша

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамында дербес деректерді  
жинау, өңдеу және қорғау жөніндегі  
САЯСАТ**

**Алматы қаласы  
2022 жыл**

## Мазмұны

<b>1-тарау.</b> Жалпы ережелер.....	<b>3</b>
<b>2-тарау.</b> Қордың жүзеге асырылатын міндеттерді орындауы үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесі.....	<b>4</b>
<b>3-тарау.</b> Қордың дербес деректерді жинау және өңдеу қағидаттары мен талаптары.....	<b>5</b>
<b>4-тарау.</b> Қордың оператор, меншік иесі және дербес деректер субъектілері ретіндегі құқықтары мен міндеттері.....	<b>5</b>
<b>5-тарау.</b> Субъектілердің дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімдерінің болуын камтамасыз ету жөніндегі талаптар .....	<b>7</b>
<b>6-тарау.</b> Дербес деректерді өңдеу мерзімдері.....	<b>8</b>
<b>7-тарау.</b> Дербес деректерді өңдеу тәсілдері.....	<b>8</b>
<b>8-тарау.</b> Дербес деректердің құпиялылығы.....	<b>8</b>
<b>9-тарау.</b> Дербес деректерді қорғау жөніндегі шаралар.....	<b>9</b>
<b>10-тарау.</b> Қорытынды ережелер.....	<b>10</b>

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамында дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау жөніндегі саясат (бұдан әрі - *Саясат*) дербес деректерді жинау мен өңдеудің жалпы қағидаттары мен тәртібін, сондай-ақ оларды Қорда қорғау және құпиялылық жөніндегі шараларды айқындайды.

2. Саясаттың мақсаты жеке тұлғалардың дербес деректерін өңдеу кезінде олардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды қамтамасыз ету, сондай-ақ Қорда Қазақстан Республикасының дербес деректер саласындағы заңнамасының талаптарын нақты және мүлтіксіз сақтау болып табылады.

3. Саясат «Дербес деректер және оларды қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 мамырдағы № 94-V ҚРЗ Заңына (бұдан әрі - *Заң*), сондай-ақ дербес деректермен жұмыс тәртібін және олардың қауіпсіздігі мен құпиялылығын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды айқындайтын басқа да нормативтік құқықтық актілерге (бұдан әрі - *дербес деректер туралы заңнама*) сәйкес әзірленді.

4. Саясатта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) **Дербес деректерді бұғаттау** - дербес деректерді жинауды, жинақтауды, өзгертуді, толықтыруды, пайдалануды, таратуды, иесіздендіруді және жоюды уақытша тоқтату жөніндегі іс-әрекеттер;

2) **Дербес деректерді қорғау** - Қор өндейтін дербес деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүзеге асырылатын шаралар, оның ішінде құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешені;

3) **Дербес деректерді пайдалану** - Қор қызметінің мақсаттарын іске асыруға бағытталған дербес деректермен жасалатын іс-әрекеттер;

4) **Дербес деректерді жинақтау** - дербес деректерді қамтитын базаға енгізу арқылы дербес деректерді жүйелеу жөніндегі іс-әрекеттер;

5) **Дербес деректерді иесіздендіру** - нәтижесінде дербес деректердің дербес деректер субъектісіне тиесілігін айқындау мүмкін болмайтын іс-әрекеттер;

6) **Дербес деректерді өңдеу** - дербес деректерді жинақтауға, сақтауға, өзгертуге, толықтыруға, пайдалануға, таратуға, иесіздендіруге, бұғаттауға және жоюға бағытталған іс-әрекеттер;

7) **Жалпыға қолжетімді дербес деректер** - субъектінің келісімімен қол жеткізу еркін болып табылатын құпиялылықты сақтау талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қолданылмайтын дербес деректер немесе мәліметтер;

8) **Дербес деректер** - олардың негізінде айқындалған немесе айқындалатын дербес деректер субъектісіне жататын, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген мәліметтер;

9) **Қолжетімділігі шектеулі дербес деректер** - Қазақстан Республикасының заңнамасымен қолжетімділігі шектелген дербес деректер;

10) **Дербес деректерді тарату** - жасалуы нәтижесінде дербес деректерді беру, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы беру немесе дербес деректерге қандай да бір өзге тәсілмен қолжетімділікті ұсыну жүргізілетін іс-әрекеттер;

11) **Дербес деректерді жинау** - дербес деректерді алуға бағытталған іс-әрекеттер;

12) **Дербес деректер субъектісі** (бұдан әрі - *субъект*) - дербес деректер тиесілі жеке тұлға;

13) **Дербес деректерді жою** - нәтижесінде дербес деректерді қалпына келтіру мүмкін болмайтын іс-әрекеттер;

14) **Қор (дербес деректерді өңдеу операторы, дербес деректерді қамтитын базаның меншік иесі)** - дербес деректерді жинауды, сақтауды, өңдеуді, беруді, өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыратын, сондай-ақ дербес деректерді өңдеу мақсаттарын, өңдеуге

жататын дербес деректердің құрамын және дербес деректермен жасалатын іс-әрекеттерді айқындайтын «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы;

15) **Дербес деректерді сақтау** - дербес деректердің тұтастығын, құпиялылығын және қолжетімділігін қамтамасыз ету жөніндегі іс-әрекеттер.

Саясатта қолданылатын басқа ұғымдар мен терминдер Заңдағыдай мағынаға (анықтамаға) ие. Ұғымдар мен терминдер осы Саясаттың мәтіні бойынша жекеше түрде де, көпше түрде де қолданылуы, бас әріппен де, кіші әріппен де жазылуы мүмкін.

5. Саясат Қордың жалпыға қолжетімді құжаты болып табылады және Интернет желісінде Қордың [www.kfu.kz](http://www.kfu.kz) ресми сайтында (бұдан әрі - *Сайт*) орналастырылуы тиіс.

6. Саясат Қор мен басқа да меншік иелері, операторлар, дербес деректер субъектілері, сондай-ақ Қордың дербес деректерді жинау және өңдеу процесінде үшінші тұлғалар арасында туындайтын қатынастарға қолданылады.

7. Саясатпен реттелмеген дербес деректерді жинауға, өңдеуге және қорғауға байланысты қатынастар Заңға және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

## **2-тарау. Қордың жүзеге асырылатын міндеттерді орындауы үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесі**

8. Қордың дербес деректерді жинауы және өңдеуі осы Саясаттың 1-қосымшасы болып табылатын, Қор жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректер тізбесінде (бұдан әрі - *Дербес деректер тізбесі*) айқындалған көлемде жүзеге асырылады.

Дербес деректердің тізбесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 12 қарашадағы № 1214 қаулысымен бекітілген Меншік иесінің және (немесе) оператордың өздері жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін айқындау қағидаларында айқындалған нысан бойынша ресімделеді.

9. Қор заң талаптарын іске асыру мақсатында жауапты тұлғаларды (бұдан әрі - *жауапты тұлғалар немесе дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыруға жауапты тұлғалар*) тағайындайды. Жауапты тұлғалар Дербес деректер тізбесінде көрсетілген бизнес-процестердің иелері болып табылатын бөлімшелердің басшыларын тағайындайды. Жауапты тұлғаларды тағайындау Қордың Басқарма төрағасының тиісті бұйрығымен ресімделеді.

10. Жыл сайын 31 мамырдан кешіктірмей заңды бөлімше Дербес деректер тізбесін өзектендіру мақсатында Қор жүзеге асыратын міндеттерді талдауға жауапты тұлғаларға сұрату жібереді. Жауапты тұлғалар заң бөлімшесінің сұратуын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей Қор жүзеге асыратын міндеттерге талдау жүргізеді және Дербес деректер тізбесіне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізудің орындылығы/орынды еместігі туралы ақпарат береді.

Заңды бөлімше жауапты тұлғалардан ақпарат алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Дербес деректер тізбесіне өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізу туралы мәселені Қор Басқармасының қарауына шығарады.

11. Дербес деректер тізбесіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар олар бекітілген сәттен бастап қолданылады және олар қолданысқа енгізілгенге дейін туындаған қатынастарға қолданылмайды.

## **3-тарау. Қордың дербес деректерді жинау және өңдеу қағидастары мен талаптары**

**12.** Қор мынадай жалпы қағидаттар мен талаптарды сақтай отырып, дербес деректерді заңды негізде жинауды және өңдеуді жүзеге асырады:

- дербес деректерді өңдеудің нақты, алдын ала белгіленген және заңды мақсаттарға қол жеткізуіне сәйкестігі;
- дербес деректерді жинау мақсаттарына сәйкес келмейтін дербес деректерді өңдеуге жол бермеу;
- оларды өңдеу мақсаттарына жауап беретін дербес деректерді ғана өңдеуді жүзеге асыру;
- дербес деректерді өңдеу мазмұнының, көлемінің, сипаты мен тәсілінің оларды өңдеудің мәлімделген мақсаттарына сәйкестігі;
- дербес деректерді жинау кезінде мәлімделген оларды өңдеу мақсаттарына қатысты өңделетін дербес деректердің артық болуына жол бермеу;
- егер Саясатта, Заңда немесе Қордың ішкі құжаттарында өзгеше көзделмесе, өңдеу мақсаттарына қол жеткізу бойынша немесе осы мақсаттарға қол жеткізу қажеттілігін жоғалтқан жағдайда өңделетін дербес деректерді жою не иесіздендіру;
- дербес деректердің тиісті түрде қорғалуын, олардың құпиялылығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

#### **4-тарау. Қордың оператор, меншік иесі және дербес деректер субъектілері ретіндегі құқықтары мен міндеттері**

**13.** Дербес деректер субъектісінің құқықтары:

- оның дербес деректерін өңдеуге қатысты ақпаратты Заңда және дербес деректер туралы заңнамада белгіленген тәртіппен, нысанда және мерзімде алу;
- егер олар толық емес, ескірген, дәл емес, шынайы емес, заңсыз алынған немесе мәлімделген өңдеу мақсаты үшін қажет болып табылмаса, сондай-ақ дербес деректерді өңдеуге келісім беру кезінде бұрын мәлімделмеген мақсаттарда пайдаланылса, өздерінің дербес деректерін нақтылауды, бұғаттауды немесе жоюды талап ету;
- Заңда көзделген жағдайларда және тәртіппен дербес деректерді өңдеуге өз келісімін қайтарып алу;
- өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау бойынша заңда көзделген шараларды қабылдау;
- өз құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру үшін Қордан оның дербес деректерін өңдеуге қатысты мәліметтерді алу.

**14.** Дербес деректерін Қор өңдейтін субъектілердің міндеттері:

- өзі туралы шынайы ақпаратты хабарлау және құрамы Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың ішкі талаптарында өңдеу мақсаты үшін қажетті көлемде белгіленген дербес деректерді қамтитын құжаттарды ұсыну;
- өзінің дербес деректерін нақтылау (жаңарту, өзгерту) туралы Қорға хабарлау.

**15.** Қордың құқықтары:

- мәлімделген мақсаттарға сәйкес дербес деректер субъектісінің дербес деректерін өңдеу;
- дербес деректер субъектісінен шартты орындау, қызмет көрсету, дербес деректер субъектісін сәйкестендіру үшін қажетті, сондай-ақ Заңда және дербес деректер туралы заңнамада көзделген өзге де жағдайларда дәйекті дербес деректерді ұсынуды талап ету;
- жеке тұлғалардың жалпыға қолжетімді дербес деректерін өңдеу;
- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жариялануға немесе міндетті түрде ашылуға жататын дербес деректерді өңдеуді жүзеге асыру;
- оператордың дербес деректерді жинауға және өңдеуге құқықтары мен міндеттерін осы тұлғамен жасалатын шарт негізінде басқа тұлғаларға тапсыру/беру.

**16.** Дербес деректер субъектілерінің дербес деректерін өңдейтін Қордың міндеттері:

- дербес деректер субъектісінің (дербес деректер субъектісінің заңды өкілінің) оның дербес деректерін өңдеу мәселесі бойынша өтініштерін қарау және дәлелді жауаптар беру;
- Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес дербес деректер субъектілерінің дербес деректері бар құжаттарды сақтауды жүзеге асыру;
- дербес деректерді, оның ішінде Интернет желісі арқылы жинау кезінде Қор Қазақстан Республикасының аумағындағы деректер базасын пайдалана отырып, Қазақстан Республикасы азаматтарының дербес деректерін сақтауды қамтамасыз ету.

**17.** Дербес деректер субъектісінің немесе оның заңды өкілінің сұратулары бойынша оның дербес деректерін өңдеуге қатысты мәліметтерді ұсынуды Қор заң талаптарына сәйкес жүзеге асырады, атап айтқанда:

- мәліметтерді дербес деректер субъектісіне немесе оның заңды өкіліне Қор оған өтініш жасаған кезде не дербес деректер субъектісінің немесе оның заңды өкілінің сұратуын алған кезде ұсынады;
- мәліметтерді дербес деректер субъектісіне немесе оның заңды өкіліне Қор осындай дербес деректерді ашу үшін заңды негіздер болған жағдайларды қоспағанда, мұндай мәліметтерде басқа субъектілерге қатысты дербес деректерді болдырмай, қолжетімді нысанда ұсынады.

Дербес деректер субъектісінің өтінішінде не сұратуында дербес деректер субъектісінің немесе оның заңды өкілінің жеке басы туралы барлық қажетті мәліметтер, дербес деректер субъектісінің Қормен қатынастарға қатысуын растайтын мәліметтер не Қордың дербес деректерді өңдеу фактісін өзге де жолмен растайтын мәліметтер, сондай-ақ дербес деректер субъектісінің немесе оның заңды өкілінің қолдары болмаған кезде Қор Заң талаптарына сәйкес дәлелді бас тартуын жолдауға құқылы.

**18.** Қорда дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыруға жауапты тұлғалардың функциялары мен міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына, осы Саясатқа, Қордың ішкі регламенттеуші құжаттарына сәйкес дербес деректерді өңдеу процесін (автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып немесе мұндай құралдарды пайдаланбай, оның ішінде қағаз жеткізгіштерде жүзеге асырылатын) ұйымдастырады және бақылайды;

2) дербес деректерді өңдеу процесін басқаруды және ұдайы жетілдіруді жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасы заңнамасының, осы Саясаттың ережелерін, дербес деректерді өңдеу мәселелері бойынша Қордың ішкі құжаттарын, дербес деректерді қорғауға қойылатын талаптарды жеткізуді ұйымдастырады және (немесе) Қор қызметкерлерінің назарына жеткізеді;

4) Қорда дербес деректерді өңдеуге байланысты тәуекелдерді азайту жөніндегі шараларды әзірлеуді жүзеге асырады;

5) дербес деректерді өңдеу және қорғау саласындағы белгіленген міндетті талаптарға сәйкестігі тұрғысынан дербес деректерді өңдеудің автоматтандырылған жүйелері мен процестерін талдауды жүзеге асырады;

6) дербес деректерді оларға заңсыз немесе кездейсоқ қол жеткізуден, дербес деректерді жоюдан, өзгертуден, бұғаттаудан, көшіруден, ұсынудан, таратудан, сондай-ақ дербес деректерге қатысты өзге де заңсыз әрекеттерден қорғаудың құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шараларын әзірлейді және қолдануды ұйымдастырады;

7) дербес деректердің қауіпсіздігін және қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған ішкі рәсімдерді әзірлейді;

8) Қордың және оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын, осы Саясатты, дербес деректерді қорғау жөніндегі талаптарды сақтауына ішкі бақылауды ұйымдастырады және жүзеге асырады;

9) дербес деректер субъектілерінің немесе олардың өкілдерінің өтініштерін қабылдау мен өңдеуге бақылауды жүзеге асырады;

10) Қордың дербес деректерді жинауды, өңдеуді және қорғауды жүзеге асыруына байланысты барлық мәселелер бойынша мемлекеттік билік органдарымен өзара іс-қимылды жүзеге асырады;

11) қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге заңсыз қол жеткізуге байланысты ақпараттық қауіпсіздік инциденттері туралы киберқауіпсіздік бөлімшесін хабардар етуді жүзеге асырады;

12) Заңда, Саясатта және дербес деректер туралы заңнамада көзделген жағдайларда дербес деректерді жою тәртібін айқындайды.

## **5-тарау. Субъектілердің дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісімдерінің болуын қамтамасыз ету жөніндегі талаптар**

**19.** Дербес деректер субъектісі дербес, еркін, өз еркімен және өз мүддесінде Қорға өзінің дербес деректерін беру туралы шешім қабылдайды және оларды жинауға және өңдеуге келісім береді, мұндай келісім жазбаша түрде, сондай-ақ конклюденттік іс-әрекеттер жасау жолымен, оның ішінде Қормен ерікті түрде келісімдер/шарттар жасасу, өтініштердің кез келген түрі мен мазмұнын Қорға жіберу, Қорға құжаттарды (олардың көшірмелерін) беру (қоса алғанда, бірақ шектелмей), іске асыруға Қор қатысатын бағдарламаға (бағдарламаларға) қатысуға өтінім/өтініш беру арқылы білдірілуі мүмкін.

Егер Заңда немесе дербес деректер туралы заңнамада өзгеше белгіленбесе, субъект дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісімді оны алу фактісін растауға мүмкіндік беретін кез келген нысанда беруі мүмкін.

**20.** Субъектінің немесе оның заңды өкілінің жекелеген құқықтық қатынастардағы келісімі мынадай тәртіппен қамтамасыз етіледі:

1) Қормен еңбек қатынастарында тұрған жеке тұлғалардың (бұдан әрі – *Қордың қызметкерлері*) келісімдері кадрлық әкімшілендіруді реттейтін Қордың ішкі құжатында белгіленген тәртіппен ресімделеді;

2) жаңадан жасалатын шарттар бойынша контрагенттердің-жеке тұлғалардың келісімдері жаңадан жасалатын шарттарға тиісті талаптарды енгізу арқылы қамтамасыз етіледі, олардың редакциясы Саясаттың 2-қосымшасында берілген;

3) контрагенттер-заңды тұлғалардың өкілдері болып табылатын жеке тұлғалардың келісімдері жаңадан жасалатын шарттарға тиісті талаптарды енгізу арқылы қамтамасыз етіледі, олардың редакциясы Саясаттың 3-қосымшасында берілген;

4) қарыз алушы болып табылатын жеке тұлғалардың келісімін бағдарламаларға қатысушы банктер осындай бағдарламаларды іске асыру туралы келісімге тиісті талаптарды енгізу арқылы қамтамасыз етеді.

Саясаттың осы тармағында көрсетілген шарттарға енгізілетін келісімдер мен келісімді қамтамасыз ететін талаптардың мазмұны, егер бұл Заң мен осы Саясаттың ережелеріне қайшы келмесе, талқылануы және өзгертілуі мүмкін.

**21.** Қордың жалпыға қолжетімді дербес деректерді жинауына және өңдеуіне субъектінің арнайы білдірілген келісімінің болуы талап етілмейді, өйткені оларға қол жеткізу еркін болып табылады және субъектінің келісімінің болуымен негізделген.

Қорға берілген және (немесе) беруге жататын және заңды тұлғалар мен дара кәсіпкерлердің бірыңғай мемлекеттік тізілімдерінде қамтылған тұлғалардың дербес деректері ашық және жалпыға бірдей қолжетімді болып табылады. Олардың құпиялылығын қорғау және дербес деректер субъектілерінің мұндай деректерді жинауға және өңдеуге келісімі талап етілмейді.

**22.** Қор дербес деректерді жинауды және өңдеуді Заңның 7-бабының 5-тармағында және 9-бабында көзделген жағдайларда субъектінің немесе оның заңды өкілінің келісімінсіз жүзеге асырады.

## **6-тарау. Дербес деректерді өңдеу мерзімдері**

**23.** Субъектілердің дербес деректерін өңдеу дербес деректерді өңдеу мақсаттарына немесе дербес деректерді жинау мен өңдеуге келісімде көрсетілген мерзімге жеткенге дейін жүзеге асырылады.

**24.** Өңдеу (сақтау) мерзімі өткен дербес деректер, сондай-ақ Қор мен басқа да меншік иелері, операторлар, дербес деректер субъектілері, сондай-ақ үшінші тұлғалар арасындағы құқықтық қатынастар тоқтатылған кезде, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында не Қордың ішкі құжаттарында өзгеше көзделмесе, жойылуы тиіс. Дербес деректерді жою тәртібін жауапты тұлғалар айқындайды.

**25.** Дербес деректерді өңдеу тоқтатылғаннан кейін оларды иесіздендірілген жағдайда ғана сақтауға жол беріледі.

### **7-тарау. Дербес деректерді өңдеу тәсілдері**

**26.** Қор автоматтандыру құралдарын пайдалана отырып, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын ескере отырып, осындай құралдарды пайдаланбай дербес деректерді өңдеуді жүзеге асырады. Қорда сондай-ақ дербес деректерді автоматтандырылған және автоматтандырылмаған өңдеуді қамтитын дербес деректерді өңдеудің аралас тәсілін қолдануға жол беріледі.

### **8-тарау. Дербес деректердің құпиялылығы**

**27.** Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, Қор дербес деректерді өңдеуді құпиялылық талаптарын сақтай отырып жүзеге асырады, ол ретінде дербес деректер субъектісінің келісімінсіз үшінші тұлғаларға ашпау және дербес деректерді таратпау міндеті түсініледі.

**28.** Қор дербес деректер субъектісінің дербес деректерінің өз тарапынан, жеке тұлғалардың дербес деректеріне қолжетімділігі бар өз қызметкерлері тарапынан құпиялылығын қамтамасыз етеді, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген тұлғалардың дербес деректерді тек қана Заңға және дербес деректер туралы заңнамаға сәйкес келетін мақсаттарда пайдалануын қамтамасыз етеді.

**29.** Дербес деректерге қол жеткізген Қор қызметкерлері мұндай деректердің құпиялылығын қамтамасыз етуі тиіс. Жалпыға бірдей қолжетімді дербес деректер мен иесіздендіру рәсімінен өткен деректерге қатысты құпиялылықты қамтамасыз ету талап етілмейді.

### **9-тарау. Дербес деректерді қорғау жөніндегі шаралар**

**30.** Қор дербес деректерді қорғау бойынша келесілерді қамтамасыз ететін қажетті шараларды қабылдайды:

- 1) дербес деректерге рұқсатсыз қол жеткізуді болдырмау;
- 2) егер мұндай рұқсатсыз қол жеткізудің алдын алу мүмкін болмаса, дербес деректерге рұқсатсыз қол жеткізу фактілерін уақтылы анықтау;
- 3) дербес деректерге рұқсатсыз қол жеткізудің қолайсыз салдарын барынша азайту;
- 4) уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен мемлекеттік техникалық қызметке электрондық ақпараттық ресурстардағы қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді сақтау, өңдеу және тарату процестерінің қорғалуын қамтамасыз етуге зерттеп-қарауды жүзеге асыру үшін электрондық ақпараттық ресурстардағы қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдаланатын, сақтайтын, өңдейтін және тарататын ақпараттандыру объектілеріне қолжетімділік беру;
- 5) Заңның 8-бабы 4-тармағының 3), 4), 5), 6) тармақшаларында көзделген әрекеттерді тіркеу және есепке алу



**31.** Дербес деректерді қорғауды Қор құқықтық, ұйымдастырушылық және техникалық шаралар кешенін, оның ішінде мынадай шараларды қолдану арқылы жүзеге асырады:

1) Қор дербес деректерді қамтитын бизнес-процестерді бөледі, Дербес деректер тізбесін бекіту арқылы дербес деректерді өңдеу мақсаттарын белгілейді. Қолжетімділігі шектеулі дербес деректер белгіленген мақсаттарға сәйкес пайдаланылады;

2) Қор дербес деректерді жалпыға қолжетімді және қолжетімділігі шектеулі деректерге бөледі. Заңда белгіленген мәліметтерден басқа, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жариялануға жататын мәліметтер жалпыға қолжетімді дербес деректер болып табылады. Барлық басқа дербес деректер қолжетімділігі шектеулі дербес деректер болып табылады;

3) Қор дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асыратын не оларға қол жеткізе алатын тұлғалардың тізбесін айқындайды. Мұндай тұлғаларға дербес деректер тізбесінде көрсетілген бизнес-процестердің иелері болып табылатын бөлімшелердің қызметкерлері жатады;

4) Қор Саясатта белгіленген тәртіппен дербес деректерді өңдеуді ұйымдастыруға жауапты адамдарды тағайындайды. Мұндай тұлғаларға дербес деректер тізбесінде көрсетілген бизнес-процестердің иелері болып табылатын бөлімшелердің басшылары жатады. Осы тұлғалардың міндеттері Заңмен, Саясатпен және Қордың өзге де ішкі құжаттарымен айқындалған;

5) Қор дербес деректер жиналатын және өңделетін бизнес-процестерді реттейтін ішкі құжаттарда дербес деректерді жинау, өңдеу және тарату тәртібін, Заңның 8 - бабының 4-тармағының 3), 4), 5), 6) тармақшаларда көзделген әрекеттерді тіркеу және есепке алу, субъект жүгінген кезде дербес деректерді бұғаттау тәртібін белгілейді;

6) уәкілетті органның сұратуы бойынша осы Саясат тармағының 3) тармақшасында көрсетілген бөлімшелер, сондай-ақ киберқауіпсіздік бөлімшесі Заң талаптарының сақталуын қамтамасыз ету үшін Қор пайдаланатын тәсілдер мен рәсімдер туралы ақпарат беруді қамтамасыз етеді;

7) киберқауіпсіздік бөлімі мыналарды қамтамасыз етеді:

– дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті органды және жалғыз акционерді ақпараттық қауіпсіздік, оның ішінде қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге заңсыз қол жеткізумен байланысты инциденттер туралы хабардар ету;

– шектеулі қолжетімділіктің дербес деректерін өңдеуді жүзеге асыратын техникалық құралдарда ақпаратты қорғау құралдарын, бағдарламалық жасақтама жаңартуларын орнату;

– базаларды басқару жүйелерінің оқиғалар журналын жүргізу;

– қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізе алатын пайдаланушылардың іс-қимыл журналын жүргізу;

– қолжетімділігі шектеулі дербес деректердің тұтастығын бақылау құралдарын қолдану;

– қорғалған байланыс арналары арқылы және (немесе) шифрлауды қолдана отырып, өзге тұлғаларға қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді беру;

– қолжетімділігі шектеулі дербес деректермен жұмыс істеу кезінде пайдаланушыларды сәйкестендіру және (немесе) аутентификациялау құралдарын қолдану;

– дербес деректерді тасымалдаушылардың сақталуы;

– Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан ақпарат объектілерін пайдалану;

8) дербес деректерді жинауды және өңдеуді жүзеге асыратын бөлімшелер дербес деректерді қорғау жөнінде өзге де шаралар қабылдайды, оның ішінде келесі шаралар, бірақ олармен шектелмейді:

– осындай дербес деректерге қол жеткізе алатын не қол жеткізуі мүмкін үшінші тұлғалармен дербес деректерге қатысты құпиялылықты сақтау туралы шарттар/келісімдер жасасу;

– осы үй-жайларға кіруге құқығы жоқ адамдардың бақылаусыз кіру немесе осы үй-жайларда болу мүмкіндігін болдырмау үшін дербес деректер тасымалдағыштары орналасқан үй-жайлардың қауіпсіздік режимін ұйымдастыру;

– Қордың үй-жайларына бөгде адамдарды жіберуді шектеу, Қор қызметкерлері тарапынан бақылаусыз олардың дербес деректермен жұмыс жүргізілетін және оларды өңдеудің техникалық құралдары орналастырылатын үй-жайларда болуына жол бермеу;

– дербес деректерді өңдеуді тікелей жүзеге асыратын Қор қызметкерлерін дербес деректер туралы заңнаманың ережелерімен, оның ішінде дербес деректерді қорғауға қойылатын талаптармен, Саясатпен, Қордың дербес деректерді жинау және өңдеу мәселелері жөніндегі басқа да актілерімен және құжаттарымен таныстыру;

– дербес деректерді өңдеуді тікелей жүзеге асыратын Қор қызметкерлерінің барлық санаттарын олармен жұмыс істеу және өңделетін деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаларына оқыту;

– Қор қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарындағы дербес деректерді өңдеу қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерді және белгіленген тәртіпті бұзғаны үшін жауапкершілікті айқындау;

– дербес деректерді өңдеу процестерін реттеу.

## **10-тарау. Қорытынды ережелер**

**32.** Осы Саясаттың ережелері Қорда дербес деректерге рұқсаты бар және/немесе дербес деректерді өңдеу және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету процестерін ұйымдастыруға қатысатын барлық қызметкерлердің орындауы үшін міндетті болып табылады.

**33.** Дербес деректерді өңдеу және қорғау саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қордың ішкі актілерінің және құжаттарының талаптарын бұзғаны үшін жауапкершілік ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес айқындалады.

Контрагенттер-жеке тұлғалардың жаңадан жасалатын шарттар бойынша келісімі жаңадан жасалатын шарттарға төмендегі талаптарды енгізу арқылы қамтамасыз етіледі:

*«Осы Шартқа қол қоя отырып, Жеткізуші Тапсырыс берушіге және үшінші тұлғаларға, яғни Тапсырыс берушімен осы Шартты жасасу, орындау және тоқтату мақсаттары үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мақсаттар мен жағдайлар үшін Жеткізушінің дербес деректерін жинау, өңдеу және қорғау жөніндегі мән-жайлармен немесе құқықтық қатынастармен нақты уақытта байланысты, сондай-ақ болашақта байланысты болатын тұлғаларға Жеткізушінің мынадай дербес деректерін, сондай-ақ оларда болып жатқан өзгерістерді және (немесе) толықтыруларды қоса алғанда, бірақ олармен шектелмей, электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген дербес деректерін жинауға және өңдеуге өзінің сөзсіз келісімін береді:*

*1) шарттық және (немесе) өзге де азаматтық-құқықтық қатынастар туындаған, өзгерген, жүзеге асырылған және тоқтатылған кезде, сондай-ақ оларды орындау процесінде өзара іс-қимылды жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтер, сондай-ақ көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар мен құжаттардың көшірмелері: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, туған күні мен жері, қолы, банктік деректемелері (банктік шотының нөмірі, банктің атауы және БСК) және т.б.;*

*2) байланысты ұстап тұруға арналған мәліметтер, көрсетілген мәліметтерді растайтын құжаттар мен құжаттардың көшірмелері: нақты тұрғылықты жері туралы деректер, тіркеу орнының мекенжайы туралы деректер, байланыс ақпараты (телефон нөмірлері, электрондық пошта мекенжайы және т.б.), Қазақстан Республикасының аумағында болудың заңдылығын растайтын құжаттар және т.б.;*

*3) Жеткізушінің қалауы бойынша Тапсырыс берушіні таныстыру қажет деп санайтын өзге де мәліметтер.*

*Жеткізушінің келісімі мерзімсіз қолданылады, Жеткізушінің дербес деректерін сақтау мерзімі шектелмейді.»*

«Тапсырыс беруші», «Жеткізуші», «Шарт» белгілері тиісті шарттың мәтіні бойынша қолданылатын белгілеулерге байланысты өзгертілуі мүмкін.

*«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамында  
дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау жөніндегі саясатқа  
3-қосымша*

Контрагент-заңды тұлғалардың өкілдері болып табылатын жеке тұлғалардың келісімі жаңадан жасалатын шарттарға төмендегі талаптарды енгізу арқылы қамтамасыз етіледі:

*«Тараптар дербес деректер субъектілерінің (Тараптардың осы Шарт шеңберінде көрсетілген және/немесе тартылған жұмыскерлерінің) (бұдан әрі – субъектілер) олардың дербес деректерін жинауға және өңдеуге, оның ішінде осы Шартты жасасу, орындау және тоқтату мақсаттары үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген мақсаттар мен жағдайлар үшін қажетті олардың дербес деректерін жинау, өңдеу және қорғау бойынша мән-жайлармен немесе құқықтық қатынастармен қазіргі уақытта да, болашақта да тиісті Тараппен байланысты үшінші тұлғаларға беруге келісімдерінің бар екенін растайды.*

*Шарт Тарапы Шарттың екінші Тарапының талап етуі бойынша 5 (бес) жұмыс күні ішінде субъектілерден олардың дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісім алғанының дәлелдемесін беруге міндетті.*

*Тарап субъектілерден олардың дербес деректерін жинауға және өңдеуге келісім алғаны туралы дәлелдемелерді ұсынбаған немесе уақтылы ұсынбаған кезде ол екінші Тараптың талап етуі бойынша Қазақстан Республикасының дербес деректер және оларды қорғау туралы заңнамасын бұзғаны үшін жауапкершіліктің туындауына байланысты осы Тарап шеккен кез келген шығыстар мен залалдарды өтеп беруге міндетті.»*

«Тапсырыс беруші», «Жеткізуші», «Шарт» белгілері тиісті шарттың мәтіні бойынша қолданылатын белгілеулерге байланысты өзгертілуі мүмкін.